

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АҚТӨБЕ ОБЛСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

«АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ
БАСҚАРМАСЫ» ММ

«АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫНЫҢ
БІЛІМ БӨЛІМІ» ММ



РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
АКИМАТ АКТИУБИНСКОЙ ОБЛАСТИ

ГУ «УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ
АКТИУБИНСКОЙ ОБЛАСТИ»

ГУ «ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЕ
ГОРОДА АКТӨБЕ»

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2026 жылғы «26» 02

№ 103

« » 2026 года

Ақтөбе қ.

г. Ақтөбе

**Ақтөбе қаласы бойынша мектепке дейінгі
білім беру ұйымдарында ата-ана
төлемақысының мөлшерін белгілеу туралы**

Ақтөбе облысы әкімдігінің 2026 жылғы 19 ақпанындағы №34 «Ақтөбе облысы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы» қаулысының 2 қосымшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1.«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесіне қарасты мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында, сондай-ақ мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылған жеке балабақшаларда ата-ана төлемақысының мөлшері 2026 жылғы 5 қаңтардан бастап төмендегідей болып белгіленсін және 2026 жылғы 2 наурыздан бастап қолданысқа енгізілсін.

1)10,5 сағаттық болу тәртібімен 1000 теңге.

2.Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары басшылары осы бұйрықтан туындайтын іс-шараларды қабылдасын.

3.«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің 2023 жылғы 06 наурыздағы №75 «Қаланың мектепке дейінгі ұйымдарында тамақтану үшін төлемді белгілеу туралы» бұйрығының күші жойылсын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау өзіме қалдырамын.

«Ақтөбе қаласының білім
бөлімі» ММ басшысы



М. Косымбаева